

А.Б. Шадырова^{1*}, Ф.Ә. Абаева¹, Л.А. Бутабаева²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

²Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, aizhan.shadyrova@mail.ru*, abaeva@bk.ru,
butabaeva_laura@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасының білім жүйесін дамытудағы басым бағыттардың бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Мақалада осы мәселе туралы ой қозғалып, елімізде инклюзивті білім берудің қалыптасу кезеңдері, нормативтік құқықтық актілер мен ғылыми-әдістемелік еңбектердегі негізгі ұғымдар, терминдер және сөз тіркестердің мазмұндық ерекшеліктері қарастырылған.

Мониторингтік зерттеу жұмыстарының негізінде инклюзивті білім берудің республикамыздағы жағдайы мен алатын орны, статистикалық мәліметтер кесте және диаграммалар түрінде ұсынылып отыр. Жасалған мониторингтік зерттеулер мен сауалнамалар нәтижелеріне сәйкес инклюзивті білім беру жағдайын бағалаудың бірыңғай критерийлерін әзірлеу қажеттігі көтерілді.

Мақалада шетелдік және отандық ғалым-әдіскерлердің еңбектеріне талдаулар жасау арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жағымды жағдай құра отырып, оқытуды жүзеге асыру қағидалары сипатталған. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру процесін бағалау білім беру ұйымы деңгейінде инклюзияны жобалау құралы болып табылатыны айтылған. Инклюзияның әр елде әртүрлі кезеңдерде, әрқалай, елдердің экономикалық даму деңгейіне және инклюзивті процестің көпфакторлығына байланысты іске асырылғаны қарастырылған.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру; мүмкіндігі шектеулі балалар; ерекше білім беруді қажет ететін балалар; мүгедек бала; жалпы білім беретін мектеп.

А.Б. Шадырова^{1*}, Г.А. Абаева¹, Л.А. Бутабаева²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан, ²Национальная академия образования имени
Б. Алтынсарина, г.Нур-Султан, Казахстан

СТАНОВЛЕНИЕ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Инклюзивное образование в Республике Казахстан является одним из приоритетных направлений в развитии системы образования. В статье затронута данная проблема, рассмотрены этапы становления инклюзивного образования в стране, основные понятия в нормативных правовых актах и научно-методических трудах, особенности содержания терминов и словосочетаний.

На основе мониторинговых исследований состояние и место инклюзивного образования в республике, статистические данные представлены в виде таблиц и диаграмм. В соответствии с результатами проведенных мониторинговых исследований и опросов поднят вопрос о необходимости разработки единых критериев оценки состояния инклюзивного образования. В статье изложены принципы осуществления обучения с созданием благоприятных условий для детей с особыми образовательными потребностями путем анализа трудов зарубежных и отечественных ученых-методистов. Кроме того, подчеркивается, что оценка процесса инклюзивного образования является инструментом проектирования инклюзии на уровне организации образования. Предусмотрено, что инклюзия реализуется в разных странах на

разных этапах, в зависимости от уровня экономического развития стран и многофакторности инклюзивного процесса.

Ключевые слова: инклюзивное образование; дети с ограниченными возможностями; дети с особыми образовательными потребностями; ребенок-инвалид; общеобразовательная школа.

A.B. Shadyrova^{1*}, G.A. Abayeva¹, L.A. Butabayeva²

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan,

²National Academy of Education named after Y.Altynsarina, Nursultan, Kazakhstan

FORMATION AND CURRENT STATE OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

Inclusive education in the Republic of Kazakhstan is one of the priorities in the development of the entire education system. The article touches upon this problem and examines the stages of the formation of inclusive education in the country, the basic concepts in normative legal acts and scientific and methodological works, and the features of the contents of terms and phrases.

Based on monitoring studies of the state and place of inclusive education in the republic, statistical data are presented in the form of tables and diagrams. By the results of the monitoring studies and surveys, the question of the need to develop common criteria for assessing the state of inclusive education was raised.

The article outlines the principles of teaching with the creation of favorable conditions for children with special educational needs by analyzing the works of foreign and domestic methodologists. In addition, it is emphasized that the assessment of the inclusive education process is a tool for designing inclusion at the level of the educational organization. It is envisaged that inclusion is implemented in different countries at different stages, depending on the level of economic development of countries and the multifactorial nature of the inclusive process.

Keywords: *inclusive education; children with disabilities; children with special educational needs; disabled child; secondary school.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында еліміздің орта мектептеріндегі инклюзивті білім беруді жетілдіру басты міндеттердің бірі болып анықталған.

Осыған орай, ерекше білім беруді қажет ететін, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушыларды жалпы мектептерде оқытудың инклюзивті жүйесін қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар жасалды, оның ішінде жеке оқу бағдарламалары әзірленді және психологиялық-педагогикалық қолдау шаралары жүзеге асырылды. Дегенмен, білім мен ғылым саласында іске асырылған жұмыстарды талдау нәтижесінде инклюзивті білімнің жеткіліксіз дамуы айқындалып отыр.

Соңғы деректерге сүйенсек, республика бойынша мектептердің 60%-ында тиісті жағдай жасалғаны, ал оған ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың 46,5%-ы қамтылғаны, оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауда мамандардың тапшылығы 64%-ды құрайтыны белгілі.

Жылдан жылға мүмкіндігі шектеулі балалар санының артуы, соған байланысты оларға арналған арнайы жағдайлардың жасалуы нормативтік құқықтық актілерде орын алған инклюзивті білім беру шеңберіндегі нормалардан және практикада туындаған мәселелер мен оларды шешу жолдарынан байқалады.

Инклюзивті білім берудің әлемде және елімізде қалыптаса бастауынан осы жүйеге қатысты әртүрлі ұғымдар мен сөз тіркестері қолданылып келеді. Біз зерттеу барысында әрбір ұғымның өзіндік іс-әрекет ортасы бар екендігін аңғардық.

ҚР инклюзивті білім беру саласындағы заңнамаларын зерделеп, терминологиясына көз жүгіртетін болсақ, «мүмкіндігі шектеулі адамдар», «инклюзивті білім беру», «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)», «мүгедек бала» деген ұғымдарға жиі кезігіміз.

Осы ұғымдардың Қазақстан Республикасында заң жүзінде бекітілуіне байланысты, бірқатар нормативтік құқықтық актілер жарық көрді. Себебі, бұл балаларды мемлекеттік қолдау жүйесі, жалпы ортаға қосу шарттары, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, мұғалімдер мен қажетті мамандарды даярлау, жергілікті атқарушы органдардың және білім беру ұйымдары басшыларының осы бағыттағы жұмыстары, оларды қаржыландыру тиісті заңнамалық, нормативтік құқықтық базамен айқындалады.

Соңғы жылдары жарияланған әлемдік басылымдарда, кітаптар мен бағдарламаларда, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық құқықтық құжаттары мен заңнамалық актілерде инклюзивті білім беру бойынша әртүрлі терминдер мен сөз тіркестері қолданылған.

Сонымен зерттеу жұмысының өзектілігі:

– мүмкіндіктері мен білімдік қажеттіліктері әртүрлі балаларды орта білім беру ұйымдарына қосу аясында жасалатын жағдайлардың маңыздылығымен;

– бүгінгі күні инклюзивті білім беру жағдайында қолданылатын ұғымдар мен терминдердің жүйесіздігімен;

– жалпы айтқанда, аталған зерттеу «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру аясындағы қажеттілігімен негізделеді.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – еліміздегі инклюзивті білім берудің қалыптасуы мен жай-күйін, қолданылатын ұғымдар мен терминдердің анықтамаларын талдау және оны жүйелеу, қолжетімді ортаны құру ерекшеліктерін көрсету.

Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім берудегі ұғымдар, терминдер мен сөз-тіркестерінің ара-жігін ажырату арқылы инклюзивті білім берудің әдістемелік жүйесін жетілдіру зерттеу жұмысымызды жүргізуге негіз болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақстан Республикасының білім жүйесін дамытудағы басым бағыттардың бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Оны жүзеге асыруда басшылыққа алынатын құжаттар халықаралық құқықтық актілерге негізделген.

«Инклюзивті білім беру» ұғымы ЮНЕСКО-ның «Инклюзивті білім беру бойынша ашық құжаттамасында» адамның білім алу құқығы және ол әділетті қоғам үшін негіз болады деген сеніммен қалыптасты. Барша білім алушы ешбір проблемасына қарамастан білім алуға құқылы дегенді білдіреді [1]. БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша құжатында «инклюзивті білім беруді» әртүрлілікті қолдауға және ынталандыруға бағытталған реформа ретінде қарастыра отырып, оқыту қиындықтарына тап болған барша білім алушыларға білім беру мүмкіндіктерін ұсыну болып табылады [2]. Осы берілген тұжырымдардан инклюзия жеке баланы өзгертуге немесе түзетуге емес, білім беру және әлеуметтік ортаны баланың мүмкіндіктеріне бейімдеуге бағытталғандығын көреміз. Мұндағы негізгі идея ерекше білім беруді қажет ететін адамның (баланың) қоғамның белсенді қатысушысы болу құқығын қамтамасыз ету, оның білім алуындағы қандай да бір қажеттілігіне қарай білім беру ортасын құру.

«Инклюзивті білім беру» терминологиясына қатысты шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, Питер Миттлер (*Манчестер университетінің профессоры*) келесідей ой түйді: «Менің ойымша, «арнайы білім беру қажеттіліктері» ұғымы инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды кедергісі болып табылады, бұл осы елдің (*Ұлыбритания*) мысалынан көрінеді. Қазір күн тәртібіне инклюзивті білім беруді енгізу объективті болады деп санамаймын. Қалай болғанда да, бұл алға жылжуға кедергі болады» [3]. Дэвид Митчелл (*Кентерберги университеті педагогика кафедрасының профессоры*) өз жұмыстарында «оқуда кедергілері бар оқушылар» және «мүмкіндіктері шектеулі адамдар» түсініктерін қолданатынын атап өтті. Дегенмен, ол «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)» терминін артық көреді, себебі бұл инклюзивті білім беру объектісін неғұрлым толық көрсетеді [3]. Сью Стубс (*«балаларды құтқару – Ұлыбритания» қорының мүгедектік жөніндегі кеңесшісі*) өзінің кітабында «мүгедек» терминін қолдануға келіспейтінін жазады. Алайда, бұл терминді «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясына сәйкес қолдану қажеттігін атайды. Автор инклюзивті білім беру саласындағы терминдер мәселесі қазіргі уақытта пікірталас тудыратынын белгілейді [3]. Михальчи Е.В өз еңбегінде медициналық емес терминдерді қолданудың қоғамға жағымды әсер ететінін, нормативтік құжаттар мен әртүрлі дереккөздерде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен пайдаланудың азаматтардың құқықтарының теңдігіне және жалпы білімге қосылуға, сондай-ақ толеранттылық пен қоғамның ашықтығы деңгейінің өсуіне ықпал ететінін атайды [3].

Шетелдік әдебиеттерді талдау авторлар «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)» терминін жиі қолданатынын және осылайша дискриминацияны азайтатынын, яғни бұл мүгедек балаларды қоғамның оң қабылдауына әсер ететінін көрсетеді.

Инклюзивті білім беруді дамытуға үлес қосу жолындағы Oropku M.P., Garrad T.A., Rayner C., Sonja Kramer, Samuel P. Leon, Inmaculada Garcia-Martinez, James M. Kauffman, Garry Hornby, Ali Leijen, Francesco Arcidiacono, Aleksandar Vaucal, Алехина С.В., Мельник Ю.В., Самсонова Е.В., Шеманов А.Ю. сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектерін атап өту керек. Олар жағымды жағдай құра отырып, оқытуды жүзеге асыру қағидаларын, сонымен қатар инклюзивті білім беру процесін бағалау білім беру ұйымы деңгейінде инклюзияны жобалау құралы болып табылатынын көрсеткен [4-10].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім жүйесін ендіру 2011 жылдан бастау алды, осыған байланысты, бүгінгі күнгі іргелі зерттеулер кемде-кем екендігін тілге тиек етуге болады. Дегенмен, инклюзивті білім беру аспектілерін қарастырған Мовкебаева З.А., Сүлейменова Р.А., Елисеева И.Г., Ерсарина А.М. және т.б. жұмыстарына да тоқталуға болады. Бұл жұмыстарда осы саланы дамытудың әдіснамалық негіздері, ұйымдастыру бағыттары, жүзеге асыру шарттары және одан әрі дамыту көрсетілген [11-13]. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балалардың сәтті әлеуметтенуіне, сыртқы әлеммен кедергісіз қарым-қатынасқа түсуге ықпал ететін әдістерді тестілеу, оны жетілдірудің арнайы тәсілдерін ұсыну мәселесін анықтап, практикаға енгізу жұмыстарын жүргізген Аутаева А.Н., Бутабаева Л.А. сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектерін атауға болады [14].

Елімізде алғаш рет *мүмкіндігі шектеулі адамдарды (балаларды)* мемлекеттік деңгейде әлеуметтік қолдау және медициналық-педагогикалық түзеу мәселелері «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен реттелді. Ол ҚР Үкіметі деңгейінде: әлеуметтік қызметтер стандарттарын белгілеу; тегін кепілдендірілген медициналық көмек көлемін бекіту болды. Сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі балалар бойынша денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қорғау салаларындағы уәкілетті органдардың және жергілікті атқарушы органдардың құзыреттері заң жүзінде белгіленді [15].

Аталған заңды жүзеге асыру шеңберінде 2002 жылдан бастап психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (кеңес беру ұйымдары), психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері (бұдан әрі – түзеу кабинеттері), оңалту орталықтары (ОО) ашыла бастады. Бүгінгі күні олардың саны: кеңес беру ұйымдары – 81, түзеу кабинеттері – 194 және 18 ОО қызмет етуде [16].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мақсатында құрылған орталық 2004 жылы ҚР Үкіметінің № 222 қаулысына сәйкес Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мәртебесіне ие болды. 2020 жылдан бастап атауына өзгеріс енгізіліп, қазіргі таңда бұл орталық мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы ортаға ену мәселесімен айналысуда. Нақтырақ айтсақ, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын, көрмейтін, нашар көретін, зерде бұзылыстары бар оқушылар үшін оқулықтар және педагогтерге көмек ретінде әдістемелік ұсынымдар әзірлейді. Жыл сайын педагогтердің біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастырады.

Елімізде «инклюзивті білім беру» ұғымы алғаш рет, оның іргесі болып табылатын Саламан декларациясын және басқа да халықаралық құжаттарды басшылыққа ала отырып, заң жүзінде 2011 жылы 24 қазанда «Білім туралы» ҚР Заңына енгізілді. Бастапқыда *«инклюзивті білім беру* – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу» ретінде қолданылды.

Инклюзия бойынша әлемнің озық елдері қол жеткізген жетістіктерін ескеріп, еліміздің билігі балалардың білім берудің барлық деңгейінде білім алуы мен жалпы ортаға табысты әлеуметтенуі үшін мемлекеттік деңгейде арнайы жағдайлар жасауды көздеді. Осы тұрғыда, 2014 жылы «Инклюзивті білім беруді дамытудың кешенді шаралары» әзірленді, аталған кешенді шараларда инклюзивті білім берудің тұжырымдалық тәсілдерін әзірлеу, білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерге тиісті нормаларды енгізу, педагогтердің біліктіліктерін кезең кезеңмен арттыру, оларды әдістемелік сүйемелдеу үшін республикалық

деңгейде Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы базасында «Инклюзивті білім беруді дамыту республикалық орталығын» ашу қарастырылды [17].

Елімізде «Білім туралы» ҚР Заңына 2015 жылы 13 қарашада енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес инклюзивті білім беруге деген көзқарас кеңінен қолданыла бастады, яғни баршаның қолжетімді, сапалы білім алуын қамтамасыз ететін процесс ретінде қарастырылып келді. Осы орайда, мүмкіндігі шектеулі адамдар (балалар) ұғымы **ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)** ретінде кең мағынада ұсынылды. Яғни, олар денсаулығына байланысты білім алуға ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары инклюзивті білім беру жағдайында оқыту мен тәрбиелеуді көздей отырып, әзірленді. Білім беру жүйесінің бірден бір міндеті аталған балаларды жалпы ортаға қосу мақсатында оқыту процесін ұйымдастыру болып табылды.

Бүгінде Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бөлігінде енгізіліп (*2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ*), нәтижесінде оларды психологиялық-педагогикалық қолдау, 50 мың бала саны халқына

1 кеңес беру ұйымы есебінен олардың желісін арттыру «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында көзделіп отыр [18].

Осылайша, білім алуға ерекше ықпалды немесе тәсілді қажет ететін кез келген балаға қолдау керек екендігі ескеріліп, «Білім туралы» ҚР Заңының 2021 жылғы соңғы өзгерістерінде: «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – бұл білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін адамдар» ретінде белгіленді [19]. Егер бұрын ерекше қажеттіліктер тек денсаулық жағдайына байланысты болса, енді бұл кез-келген баланы оның білім алуға қиындықтарына байланысты назардан тыс қалдырмауға мүмкіндік береді. Оларды келесідей жіктеуге болады:

– психофизикалық ауытқулардың салдарынан мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл дәстүрлі түрде: көру, есту, сөйлеу қабілеті бұзылған балалар; тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы, зерде, мінез-құлқының бұзылыстары;

– білім алуға қиындықтары бар балалар әртүрлі қолайсыз факторлармен байланысты, оның ішінде әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, лингвистикалық, соматикалық және мәдени.

Көріп отырғанымыздай, «ерекше білім беруді қажет ететін балалар» (бұдан әрі – ЕБҚ) ұғымы «мүмкіндігі шектеулі балалар» ұғымына қарағанда кеңірек және Экономикалық ынтымақтастықпен даму ұйымы елдерінде ұсынылған анықтамаларға неғұрлым сәйкес келеді.

Білім беру жүйесінде тағы бір жиі кездесетін ұғым – *«мүгедек бала»*, тұрмыс – тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, мертігулерден, олардың зардаптарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам [20]. Бірақ, мүгедектігі бар балалардың барлығы бірдей арнайы оқытуды қажет етпеуі мүмкін, яғни соматикалық денсаулық жағдайының салдарынан мүгедек бала арнайы білім беру қызметтеріне мұқтаж болмайтынын түсіну маңызды. Немесе, керісінше, мүмкіндігі шектеулі бала, оның ішінде есту қабілеті нашар балалар немесе сөйлеу қабілеті бұзылған балалар логопед немесе сурдопедагог тарапынан арнайы көмекке мұқтаж бола тұра мүгедек мәртебесін алмауы мүмкін.

Елімізде мүгедек адамдардың білім алу құқығы басқалармен тең дәрежеде танылатыны мәлім. Оқыту процесі адами қадір-қасиетті өзара құрметтеу негізінде мүгедектердің құқықтарына құрметпен қарау арқылы жүзеге асырылады.

«Білім туралы» ҚР Заңында мүгедектігі, оның ішінде көру, есту қабілеттері бойынша мүгедек білім алушылардың жоғарылатылған стипендия алуға құқығы, оған қоса бірінші, екінші топтағы мүгедек балалар мен бала кезінен мүгедек балалар үшін жеңілдік квотасы қарастырылған [19]. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция ратификацияланғаннан кейін мүгедек балалардың құқықтарына құрметпен қарау, ақпарат ресурстарын қолжетімді нысанда тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік

құралдармен қамсыздандыру, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын адамдарды мемлекеттік білім беру ұйымдарына және мемлекеттік медициналық ұйымдарға жұмысқа бірінші кезекте алу міндеттері жүзеге асырылып келеді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Біз зерттеу жұмысымызда «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінен жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) ведомстволық бағынысты инклюзивті білім беруге жағдай жасаған республика бойынша, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы мектептер санын, инклюзивті білім берумен қамтылған оқушылардың санын анықтадық (1, 2-кестелер).

1-кесте

ЖАО ведомстволық бағынысты инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептердің үлесі

Аймақ	Барлық мектептер	Инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептер	
		Саны	үлесі (%)
ҚР	6 975	4 528	64,92
Нұр-Сұлтан қ.	87	70	80,46
Алматы қ.	205	178	86,83
Шымкент қ.	137	88	64,23

2-кесте

Инклюзивті білім берумен қамтылған оқушылардың саны

Аймақ	Аймақ бойынша 7-18 жастағы мүмкіндігі шектеулі балалардың саны	Инклюзивті білім берумен қамтылған оқушылардың саны
ҚР	106 284	33 370
Нұр-Сұлтан қ.	5 846	956
Алматы қ.	5 210	1 619
Шымкент қ.	5 322	1 216

Сондай-ақ, зерттеу барысында еліміздегі инклюзивті білім берудің жағдайын зерделеу мақсатында республикалық маңызы бар қалалардың жалпы білім беретін мектептеріне мониторингтік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Өз кезегінде, жалпы білім беретін мектептер тарапынан ұсынатын қызметтердің балалардың қажеттіліктеріне сай келуі, қоршаған орта сапасы мен оларды әлеуметтендіру арасындағы тікелей байланыс, мұғалімдердің осы балаларды оқытуда кезігетін қиындықтары айқындалды.


Жалпы білім беретін мектептердің ұсынатын қызметтердің әртүрлі аспектілерінің ЕБҚ ететін балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келу дәрежесі «жоғары», «орташа», «төмен», «мүлдем сәйкес келмейді», «жауап беруге қиналамын» көрсеткіштері бойынша анықталды (3-кесте).

3-кесте

Мектептер ұсынатын қызметтердің әртүрлі аспектілерінің ЕБҚ ететін балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келу дәрежесі

№	Көрсеткіштер	Саны	Үлесі (%)
1	Жоғары	1709	49
2	Орташа	1522	44
3	Төмен	125	4
4	Мүлдем сәйкес келмейді	34	1

5	Жауап беруге қиналамын	79	2
	Жалпы саны	3469	




1-сурет. Мектептер ұсынатын қызметтердің әртүрлі аспектілерінің ЕБҚ ететін балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келу дәрежесі

«Сіздің ойыңызша, қоршаған орта сапасы мен ЕБҚ ететін балаларды әлеуметтендіру арасында тікелей байланыс бар ма?» сауалына Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы 283 мектеп қатысып, «иә», «жоқ» критерийлері бойынша нәтижелер алынды (4-кесте).

4-кесте

«Қоршаған орта сапасы мен ЕБҚ ететін балаларды әлеуметтендіру арасындағы тікелей байланыс бар ма?» сауалына жауап нәтижесі

№	Қала	Ия (саны/үлесі, %)	Жоқ (саны/үлесі, %)
1	Нұр-Сұлтан	12 / 4,3	-
2	Алматы	97 / 34,2	5 / 29,4
3	Шымкент	174 / 61,5	12 / 70,6
	Жалпы саны	283	17



2-сурет. Қоршаған орта сапасы мен ЕБҚ ететін балаларды әлеуметтендіру арасындағы тікелей байланыс

«Мектебіңіздің мұғалімдері ЕБҚ ететін балаларды оқытуда қандай қиындықтарға тап болды?» деген сауалына Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы 208 мектеп

катысып, «Қиындық жоқ», «Педагог тәжірибесінің жеткіліксіздігі», «Арнайы маман тапшылығы», «Әдістемелік көмектің жеткіліксіздігі», «МТБ болмауы», «Ата-аналар тарапынан түсініспеушілік» критерийлері бойынша нәтижелер алынды (5-кесте).

5-кесте

«Мектебіңіздің мұғалімдері ЕБҚ ететін балаларды оқытуда қандай қиындықтарға тап болды?» сауалына жауап нәтижесі

№	Критерийлер	Саны	Үлесі (%)
1	Қиындық жоқ	134	64,4
2	Педагог тәжірибесінің жеткіліксіздігі (курстар қажет, балалардағы әртүрлі бұзылыс түрі; ЕБҚ ететін балаға уақыт бөлудің жеткіліксіздігі)	26	12,5
3	Арнайы маман тапшылығы	11	5,3
4	Әдістемелік көмектің жеткіліксіздігі	12	5,8
5	Материалдық-техникалық базаның болмауы	18	8,7
6	Ата-аналар тарапынан түсініспеушілік	7	3,4
	Жалпы саны	208	



3-сурет. Мектеп мұғалімдерінің ЕБҚ ететін балаларды оқытуда кездесетін қиындықтары

Жалпы алғанда, республика бойынша 7-18 жастағы мүмкіндігі шектеулі 106284 баланың 31%-ы ғана инклюзивті білім берумен қамтылғанын байқаймыз.

Жасалған мониторингтік зерттеу жұмыстарынан ЕБҚ ететін балаларға мектептің қарым-қатынастары, жұмыс жасауға дайындықтары және кездесетін қиындықтары айқындалып отыр. Бұл жалпы республика бойынша туындаған мәселелер болып табылады.

Жүргізілген сауалнамалардан мұғалімдердің ЕБҚ ететін балаларды оқытуда 64,4%-ы қиындық жоқ десе, қоршаған орта сапасы мен ЕБҚ ететін балаларды әлеуметтендіру арасындағы тікелей байланысы Алматы және Шымкент қалалары мектептерінде сәйкесінше 29,4% және 70,6%-ы жоқ деп отыр. Бірақ, мектептер ұсынатын қызметтердің әртүрлі аспектілерінің ЕБҚ ететін балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келу дәрежесі жоғары деңгейде – 49%-ы, ал орташа деңгейде – 44% көрсетті.

Инклюзивті білім беру жағдайын анықтау барысында әр мұғалім әр түрлі жауап ұсынды. Бұл өз кезегінде инклюзивті білім берудің табысты ендірілуін мониторингілеуге қажетті бірінші бағалау критерийлерінің жоқтығын көрсетіп отыр.

Қорытынды. Инклюзияны білім берудің жеке түрі ретінде қарастырмай, керісінше жалпы білім беру әдістемесі ретінде, жалпы білім беру жүйесін трансформациялау қағидаттары мен тәсілдерінің өзара байланысының жиынтығы ретінде қарастыру қажет. Кез келген әдістеме сияқты, ол идеологиялық компонентті, яғни қоғамдық пікір мен құралдарды

калыптастыруды – әдістемелік тәсілдерді, ұйымдастырушылық формаларды, әдістерді, дидактикалық ортаны, технологияларды, тиісті қолдауға мұқтаж балаларды білім беру ортасына қосу құралдарын дамытуды қамтиды. Бұл білім беру жүйесіндегі өзгерістерді қажет етеді және біз осы өзгерістер процесінде тұрмыз.

Жасалған мониторингтік зерттеулер мен жүргізілген сауалнамалардан алынған нәтиже инклюзивті білім беру жағдайын бағалаудың бірыңғай критерийлерін әзірлеу қажеттігін болжайды. Бірыңғай бағалау критерийлері инклюзивті білім беру сапасын бағалап қана қоймай, білім беру саясатына басқарушылық әсер ету құралы болып табылады, бұл ретте білім беру ұйымдары бағаланатын көрсеткіштердің оң динамикасын қамтамасыз етуге тырысады.

Жалпы, «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)» ұғымының заң жүзінде кеңеюіне орай инклюзивті білім беру саласындағы терминологиялық аппарат та кеңейе түсетіні сөзсіз.

Сонымен, қазіргі кезде инклюзияны білім беруді жеке түрде емес, жалпы білім берудің даму процесі ретінде қарастырған жөн. Бұл ретте, мынадай принциптерді ұстануды ұсынамыз:

- әр баланың айрықша ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері және оқу қажеттіліктері бар;
- барлығы оқи алады – оқи алмайтын бала жоқ;
- мектепте оқыту әр түрлі мүмкіндіктері бар балаларға бағытталған;
- дискриминацияға жол берілмейді;
- әр адам қоғам өміріне қатысуға құқылы;
- «Әртүрліліктегі үйлесімділік» тұрғысында толеранттылық рухында тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] *Otkritoe dose po inklyuzivnomu obrazovaniyu: Materiali v pomosch menedjeram i administratoram.* – Parizh: YuNESKO – 2003. – S. 3.
- [2] *Rukovodyaschie principii politiki v oblasti inklyuzivnogo obrazovaniya.* – Franciya: YuNESKO 2009. – S. 5.
- [3] *Mihalchi E.V. Sravnitel'nii analiz terminologii inklyuzivnogo obrazovaniya // Vestnik Baltiiskogo federalnogo universiteta im. I. Kanta.* – 2015. Vip. 5. S. 142 – 149, [Elektronnyj resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-terminologii-inklyuzivnogo-obrazovaniya/viewer> (data obrashcheniya: 20.01.2022).
- [4] *Opoku M.P., Cuskelly M., Pedersen S.J., Rayner C.S. Applying the theory of planned behaviour in assessments of teachers' intentions towards practicing inclusive education: a scoping review // European Journal of Special Needs Education.* – 2021. - 36(4). - P.577–592.
- [5] *Garrad T.A., Rayner C., Pedersen S., Cuskelly M. From research to reality: Australian evidence-based practice in autism education // Journal of Research in Special Educational Needs.* – 2021. - 21(4). – P.381–391.
- [6] *Sonja Kramer, Jens Moller, Friederike Zimmermann Inclusive. Education of Students With General Learning Difficulties: A Meta-Analysis // Review of Educational Research, March 17, 2021, Vol. 91, No. 3, P. 432–478.* <https://doi.org/10.3102/0034654321998072> (data obrashcheniya: 5.02.2022).
- [7] *Samuel P. León, Sandra Barroso-Carballo, Inmaculada García-Martínez. Social inclusive education in secondary schools. A student's perspective approach. // 08 Nov, 2021.* <https://doi.org/10.1080/13603116.2021.1995904> (data obrashcheniya: 5.02.2022).
- [8] *Ali Leijen, Francesco Arcidiacono, Aleksandar Baucal. The Dilemma of Inclusive Education: Inclusion for Some or Inclusion for All. // Conceptual Analysis article. Front. Psychol., 10 September 2021.* <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.633066> (data obrashcheniya: 5.02.2022).
- [9] *Alehina S.V., Melnik Yu.V., Samsonova E.V., Shemanov A.Yu. Ocenka inklyuzivnogo processa kak instrument proektirovaniya inklyuzii v obrazovatelnoi organizacii // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie. 2021. Tom. 26, № 5. – S. 116–126, [Elektronnyj resurs]: URL: https://doi.org/10.17759/pse.2021260509 (data obrashcheniya: 10.02.2022).*
- [10] *Shemanov A.Yu., Samsonova E.V. Specialnoe obrazovanie kak resurs inklyuzivnogo obrazovatel'nogo processa // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie. 2019. Tom 24. № 6. – S. 38-46, [Elektronnyj resurs]: URL: https://doi.org/10.17759/pse.2019240604 (data obrashcheniya: 10.02.2022).*

- [11] Movkebaeva Z.A. *Inklyuzivnoe obrazovanie: obektivnaya neobhodimost i realnie vozmozhnosti //Pedagogika i psihologiya*. – № 3. – 2011. – S. 34-38.
- [12] Suleimenova R.A. *Metodologicheskie podhodi k razvitiyu inklyuzivnogo obrazovaniya Respubliki Kazahstan// Otkritaya shkola*. – №7. – Sentyabr, 2012.
- [13] Eliseeva I.G., Ersarina A.K. *Psihologo-pedagogicheskaya podderjka shkolnikov s osobimi obrazovatel'nimi potrebnostyami v organizatsiyah obrazovaniya Respubliki Kazahstan // Otkritaya shkola*. – №3 (184). – Mart, 2019.
- [14] Autayeva A.N., Butabayeva L.A., S.K. Kapalova, B.B. Sikinbayev, Zeynep Genc. *Evaluation of oral speech of students with hearing impairments with perspectives of special learning technologies. // World Journal on Educational Technology: Current Issues*. – 2021, - 13(3), P. 502-513. <https://doi.org/10.18844/wjet.v13i3> (data obrashcheniya: 7.02.2022).
- [15] «Kemtar balalardy áleymettik jáne medısinalyq-pedagogıkalyq túzey arqyly qolday týraly» Qazaqstan Respyblikasynyń 2002 jylgy 11 shildedegi № 343 Zańy (ózgerister men tolyqtyrylarmen QR 26.06.2021 jylgy № 56-VII Zańy).
- [16] «Qazaqstan Respyblikasy bilim berý júesiniń statistıkasy» Ultyq jinaq, Nur-Sultan – 2022 j.
- [17] Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 19 dekabrya 2014 goda № 534 «Ob utverjdenii kompleksa mer po dalneishemu razvitiyu inklyuzivnogo obrazovaniya».
- [18] «Bilimdi ult» sapaly bilim berý» ultyq jobasyn bekity týraly» Qazaqstan Respyblikasy Úkimetiniń 2021 jylgy 12 qazandagy № 726 qaylysy.
- [19] «Bilim týraly» Qazaqstan Respyblikasynyń 2007 jylgy 27 shildedegi № 319 Zańy (ózgerister men tolyqtyrylarmen QR 26.06.2021 jylgy № 56-VII Zańy).
- [20] «Qazaqstan Respyblikasynda múgedekterdi áleymettik qorgay týraly» Qazaqstan Respyblikasynyń 2005 jylgy 13 sayirdegi № 39 Zańy (ózgerister men tolyqtyrylarmen QR 12.10.2021 jylgy № 67-VII Zańy).